

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік тәрбие және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған, кіші тобының 2024 - 2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру кешенінің перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: ЖНПС «Гүлсамал» балабақшасы

Топ: «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

- жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуда эмоциональдық, тұлғалық, танымдық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің, ата-ана, қызметкерлердің
- өзара бірлескен жұмысы болып табылады.
- бала денсаулығын сақтау мен нығайту;
- табиғи факторды пайдалана отырып шынықтыру;
- жасөспірімдерге тұлғаны қалыптастыру, эстетикалық тәрбиені жетілдіру

Аны	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАУСЫМ	1-апта (02.06-06.06) «Бақытты балалық шақ»	«Әрқашан күн сөнбесін!» Педагогтің ертегілерді оқып беруі Ауа-райы жағдайларын, өсімдіктерді, ағаштарды бақылау Табиғаттағы еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару, күмбесігінше күм тасу, ауладағы бұтақтарды жинау	Денешынықтыру	Дене жаттығуларымен айналысуға қызығушылықты және қажеттілікті қалыптастыру; Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау; жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. -әр баланың физикалық қабілетін көрсетуіне жағдай жасау; -балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалысын арттыру және психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; -ағзаның физикалық қызметін жан-жақты жетілдіру; - бала ағзасының жұмысқа қабілеттілігін шынықтырудың түрлері арқылы арттыру; - аурудың және балалар жарақатының алдын алу.

2-апта (09.06-13.06) «Қош келдін, жарқын жаз»	Сюжетті-рөлдік ойындар Жаз мезгілі, жаз мезгіліндегі ауа-райы туралы әңгімелесу Сумын, құммен ойындар: «Сабын көпіршіктер»" Гүлдің суретін салу Жаз туралы өлеңдер оқу Табиғаттағы еңбек әрекеті: ауладағы тастарды жинау	Көркемәдебиет	Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; дыбыстарды дұрыс айту, менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдана білу, ересектердің сөзін түсініп, өз ойын айта білу дағдыларын дамыту. Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап бере білу, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере білу, кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) ойын кезінде қайталау.
3-апта (16.06-20.06) «Ертегілер елінде»	Әңгімелесу: «Менің сүйікті ертегім» Ағаштарды, жәндіктерді бақылау және өсімдіктерге күтім жасау Дидактикалық ойындар: «Қуыршаққа бөлме құрастырамыз»	Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Мүсіндеу Құрастыру	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру қарапайым жалпы қабылданған нормалар негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасқа тарту. Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу. өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; Балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Түстерді ажыратып дұрыс атау. Өзінің салған суретіде не бейнеленгенін өз ойымен айта білу.. Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін игере отырып, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерімен, кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу дағдыларын меңгеру. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға, ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен

	4-апта (23.06-27.06) «Денсаулық аптасы»	Табиғаттағы еңбек әрекеті: жолдардағы құмды сыпыру, ауладағы қоқыстарды жинау Таныс ертегілерге иллюстрациялар қарау Әңгімелесу (ойын) «Денсаулық еліне саяхат» Сюжетті-рольдік ойындар «Қуыршақ Айсұлуға көмектесейік» Альбом қарау: «Спорт түрлері» Қимылды ойындар: «Көпіршік» Мүсіндеу: «Дәрумендер»		Музыка	құрастыруға үйрету; Түрлі бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоя отырып қарапайым композицияларды орналастырады және құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау. Өртүрлі түстегі және геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарымен бөліктерді біріктіру арқылы жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.
--	--	---	--	--------	--

Айы	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ШІД		Дидактикалық ойындар: «Қай	Денешынықтыру	Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете

1-апта (30.06-04.07) «Жануарлар әлемі»	жануардың төлі», «Орман аңдары» Мысықты, итті бақылау Суреттерді бояу Қимылды ойындар: «Сұр қоян» Иллюстрацияларды қарау: «Жабайы жануарлары»		отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгере отырып, шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй қалыптастыру, қимылды ойындарды жақсы көңіл – күймен ойнауға жағдай жасау. бетін, қолдарын өз бетінше жуу, жеке заттарды қолдана білу, белгілі бір ретпен киініп шешіну үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын дамыту.
2-апта (07.07-11.07) «Менің отбасым»	Альбом жасау: «Үй жануарлары» Әңгімелесу: «Менің отбасым» Саусақпен құмға сурет салу: «Күннің көзі» Желді, бұлтты, шөпті бақылау Иллюстрациялар қарау - анасы қызын тамақтандырады, киіндіреді, шешіндіреді, ұйқыға жатқызады Еңбек әрекеті: «Қуыршақ Айгүлге үй жинауға көмектесу», «Қуыршақ Айгүлді киіндіреміз»	Көркемәдебиет Қоршаған ортамен таныстыру	Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атау. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.

3-апта (14.07-18.07) «Қауіпсіздік аптасы»	Құрастыру: «Біздің көше» Сюжетті-рөлдік ойындар: «Анама көмектесемін» Дидактикалық ойындар: «Қауіпті заттарды табу» Әңгімелесу: «Сіріңкемен ойнауға болмайды» Көліктерді, жолдың жүретін бөлігін баылау Жаңбырды, шөпті, жәндіктер мен ағаштарды бақылау Табиғат құбылыстары туралы суреттер мен иллюстрацияларды қарау		
4-апта (21.07-25.07) «Табиғат әлемі»	Сурет салу: «Бұлттар» Қимылды ойындар: «Тауықтар мен балапандар» Иллюстрациялар қарау: «Тамаша табиғат»	Сурет салу	Қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгере отырып, бейнелерді парақ бетінде орналастыру, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Қағазға бастырмамен жұмыс істеу арқылы, заттарды безендіруге үйренеді. Балалар табиғаттағы шөп, гүл, ағаш туралы түсіне отырып, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіре білу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.

		Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, заттың мүсінін жасау. Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.
	«Менің сүйікті ойыншығым» Доптың суретін салу Ойыншықтар бейнеленген иллюстрацияларды қарау Серуенге алып шыққан ойыншықтармен құмсалғышта ойнау Желді, аула сыпырушының еңбегін бақылау	Құрастыру	Өз бетінше құрастыруға қызығушылық таныту, табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнай отырып, жұмыс соңында қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастыруға үйрету. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, өз ойын жеткізе білу.	Өз бетінше құрастыруға қызығушылық таныту, табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнай отырып, жұмыс соңында қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастыруға үйрету. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, өз ойын жеткізе білу.

	5-апта (28.07 -01.08) «Ойыншықтар»					Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдтыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу қимылдарын дамыту
--	---	--	--	--	--	--------	---

Айы	Апта тақырыптары	Өткізілетін шаралардың атаулары	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ТАМЫЗ	1-апта (04.08-08.08) «Мейірімділік антасы»	Әңгімелесу: «Анамыз бен әкемізге қалай көмектесеміз?» Дидактикалық ойындар: «Ана қандай гүл шоқтарын сыйлағын келеді» Бұлттарды, құстарды, жәндіктерді бақылау Сурет салу: «Айсұлу қуыршақтың бантигі» Сюжеттік суреттерді қарау: «Мейірімділік сабақтары»	Денешынықтыру	Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Ересектің бақылауымен бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға, ойын әрекеттерін, қимыл белсенділігін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киімдегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафта

2-апта (11.08-15.08) «Достық»	Достық туралы әңгімелесу Жапсыру: «Досыма сыйлық» «Достық» еліне саяхат Достық туралы әндер тыңдау Құстарды бақылау		немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
3-апта (18.08-21.08) «Жаз сыйы»	Гүлзардағы гүлдерді, шөпті бақылау Қимылды ойындар: «Жидектерді жинау»	Сурет салу	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айту, таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдау, кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту. Кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыру дағдыларын дамыту. Заттың қандай бөліктерден орындалғанын анықтай отырып, үйшіктің, машинаның, жиһаздың құрылысындағы жетіспейтін бөлшектерін табу. Құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастыру, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атай білу. Қазаға саусақ арқылы сурет салуда балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту. Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салу, трафарет көмегімен қағаз бетіне затты ұқыпты түсіру. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.

	Дидактикалық ойындар: «Қозыларға арналған үйшік» Ата-аналармен бірге «Жидектер» тақырыбына альбом жасау	Мүсіндеу	Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, ермексазды илеу, домалақтау, созу тәсілдерін үйрету. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.
4-апта (24.08-28.08) «Қош бол, жарқын жаз!»	Әңгімелесу: «Қош бол, жарқын жаз!» Дидактикалық ойындар: «Ғажайып дорба» Балабақша ауласын, гүлдерді, ауа-райын бақылау Сюжетті-рөлдік ойындар: «Орманда серуендеу» Альбом жасау: «Көрікті жаз» (ұжымдық жұмыс)	Құрастыру	Кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастыру дағдыларын дамыту. Заттың қандай бөліктерден орындалғанын анықтай отырып, үйшіктің, машинаның, жиһаздың құрылысындағы жетіспейтін бөлшектерін табу. Құрылыс материалдарын пішіні, көлемі бойынша топтастыру, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атай білу.
		Музыка	Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.